

**Денисов ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2016 жылғы 24 қазандағы № 53 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 қарашада № 6716 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 83 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 29.11.2019 № 83 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Денисов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Денисов ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
кезектен тыс  
сессиясының төрағасы  
Денисов аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*В. Наконечный*

*А. Мұрзабаев*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Денисов ауданының тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылығы,  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
жолдары бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ И. М. Важничая

Мәслихаттың  
2016 жылғы 24 қазандағы  
№ 53 шешіміне қосымша

**Денисов ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 03.02.2017 № 82 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/б	Коммуналдық қалдықтардың жинақталу объектілері	Есептеу бірлігі	Жылдық жинақталу нормасы, м <sup>3</sup>
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,0
2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,5
3	Жатақханалар, интернаттар	1 орын	1,0
4	Қонақ үйлер, демалыс үйлері	1 орын	0,9
5	Балабақшалар	1 орын	1,2
6	Мекемелер, ұйымдар, кеңселер, жинақтау банкілері, байланыс бөлімшелер	1 қызметші	0,5
7	Емханалар	1 келуші	0,01
8	Ауруханалар	1 төсек-орын	1,3
9	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,18
10	Кафелер, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отырғызатын орын	0,7
11	Кинотеатрлар	1 отырғызатын орын	0,2
12	Мұражайлар	жалпы алаңның 1 м <sup>2</sup>	0,14
13	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,02
14	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңның 1 м <sup>2</sup>	0,6
15	Өнеркәсіптік тауарлар дүкендері	сауда алаңның 1 м <sup>2</sup>	0,5
16	Базарлар	сауда алаңның 1 м <sup>2</sup>	0,3
17	Автовокзалдар	жалпы алаңның 1 м <sup>2</sup>	0,08
18	Дәріханалар	сауда алаңның 1 м <sup>2</sup>	0,15
19	Автожуулар, жанар-жағар май құю станциясы	1 машина-орын	1,5
20	Автошеберханалар	1 қызметші	2,0
21	Шаштараздар	1 жұмыс орны	0,8
22	Тігін ательесы	жалпы алаңның 1 м <sup>2</sup>	0,4
23	Аяқ-киім жөндеу шеберханалар	жалпы алаңның 1 м <sup>2</sup>	0,3
24	Моншалар	жалпы алаңның 1 м <sup>2</sup>	0,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК